

Пайдалану бойынша
нұсқаулық

Шаш алуға арналған
машинка
DEXP HC-0312YXG

DEXP

Мазмұны

Құрылғының мақсаты.....	5
Сақтық шаралары.....	5
Аккумулятормен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар (Li-pol/Li-ion).....	6
Құрылғы схемасы.....	8
Техникалық сипаттамалары.....	9
Аспапты зарядтау.....	9
Қию ұзындығын реттеу.....	9
Пайдалану бойынша нұсқаулық.....	9
Тазалау және күтім.....	10
Жинақталым.....	10
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сатып өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары.....	11
Қосымша ақпарат.....	12

Құрметті сатып алушы!

Сізге біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз.

Біз сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және өндірілген бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күту жөніндегі ұсынымдарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуын ойластырыңыз және бұйымды одан әрі қолданған кезде нұсқаулықты анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының мақсаты

Шаш алуға арналған машинка - шаш қиюға және түзеуге арналған құрылғы.

Сақтық шаралары

- Құрылғыны қосар алдында, онда көрсетілген кернеу жергілікті электр желісінің кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектелген тұлғалардың пайдалануына, олардың қауіпсіздігі үшін жауапты болатын басқа тұлғалар бақылауды жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, арналмаған. Балаларға сымдармен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Зарядтау кезінде құрылғыны суға салуға немесе ағынды судың астында жууға тыйым салынады. Су ағынының астында тек кескіш блокты жууға рұқсат етіледі.
- Құрылғыны оттан алыс ұстаңыз.
- Құрылғыны судың жанында қолданбаңыз. Құрылғыны ваннада, душта, бассейнде немесе ылғалдылығы жоғары басқа үй-жайларда пайдаланбаңыз. Құрылғы өшірілген болса да, судың жақындығы ол үшін қауіпті.
- Жеткізу жинағына кіретін аксессуарларды ғана пайдаланыңыз.
- Зақымдалған немесе тозған кескіш блокты немесе триммер-саптаманы пайдаланбаңыз, себебі бұл жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Көрінетін зақым анықталған жағдайда құрылғыны пайдаланбаңыз және олар анықталған кезде дереу авторландырылған сервистік орталыққа хабарласыңыз.
- Өнімді ашпаңыз және жөндеу жұмыстарын өзіңіз жасамаңыз. Қызмет көрсету мен жөндеуді тек білікті авторизацияланған сервис орталығының білікті мамандары жүзеге асыруы тиіс.
- Құрылғыны тазарту үшін сығылған ауаны, металл губкаларды, абразивті тазартқыш құралдарды немесе жемір сұйықтықтарды (май немесе ацетон) пайдаланбаңыз.
- Бұл құрылғыны жасанды шаштар мен жануарлардың жүндерін қию үшін пайдаланбаңыз.

Аккумуляторлық батареямен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу бойынша ұсыныстар

Тек қана түпнұсқалық зарядтау құрылғысын қолданыңыз

Батареяның зарядталу/разрядталу қабілеті оған орнатылған контроллермен басқарылады. Заряд және разряд токтары шектеулі болғандықтан, Li-ion сыртқы зарядтау құрылғыларындағы мәжбүрлі «жылдам зарядтау» режимдері қарсы көрсетілген.

Li-ion батареяларында «жад эффектісі» жоқ. Аккумуляторларды кез келген заряд деңгейінен разрядтауға/зарядтауға болады.

Көптеген құрылғыларда зарядтау/разрядтау деңгейі бойынша шектеу түр — егер, мысалы, заряд 90% асып кетсе, контроллер аккумуляторды зарядтауға мүмкіндік бермеуі ықтимал. Сондай-ақ, ол аккумуляторды толығымен қуатсыздандыруға мүмкіндік бермейді, бұл оның элементтерінің істен шығуына жол бермейді. Құрылғы электр желісі арқылы жұмыс істесе де – айына кемінде бір рет, Li-ion батареясы толық зарядтау/разрядтау циклынан өтуі керек («батареяның разрядталуы туралы» хабарлама пайда болғанға дейін). Батареяны толық разрядталу күйіне дейін жеткізуге болмайды. Li-ion аккумуляторы разрядталған күйде ұзақ уақыт сақталған кезде тез нашарлайды. Егер бұлай болса, оны бірден зарядтауға қойыңыз. Батарея құрылғыдан бөлек сақталса да зарядын жоғалтады. Li-ion аккумуляторларының өздігінен разрядталуы айына шамамен 5% құрайды. Li-ion аккумуляторлары өз құрылымына қарай қысқа мерзімді және пайдаланылғанына немесе пайдаланылмағанына қарамастан үнемі нашарлайды. Бұл нашарлау температура неғұрлым қарқынды болса және заряд мөлшері неғұрлым «оңтайлы» мәнінен алшақ болса (сақтау тұрғысынан), соғұрлым жоғары болады, ол 40% тең деп қабылданады. Басқаша айтқанда, егер батарея пайдаланылмаса, оның зарядын 40-50% деңгейінде ұстаған жөн. Егер батарея 2 апта бойы немесе одан да көп уақыт қуатсызданған күйде болса, онда оның элементтеріндегі сыйымдылықты жоғалтудың қайтымсыз процесі жүреді, нәтижесінде батарея істен шығады.

Температуралық режимді сақтаңыз

Батареялар ауаның қалыпты ылғалдылығы кезінде +15 °C-тан +35 °C-қа дейінгі температурада зарядталған күйде сақталуы керек. Батареялар өте жоғары (+40 °C-тан жоғары) және өте төмен (-10 °C-тан төмен) қоршаған орта температурасында ұзақ мерзімді пайдалануға төзімсіз. Батареяны тікелей күн сәулесінде қалдыруға болмайды.

Зақымдану белгілері бар батареяларды пайдаланбаңыз, жақпаңыз, бөлшектемеңіз

Еш жағдайда батареяларды өз бетіңізге бөлшектеуге және олардың элементтерін зарядтауға болмайды. Қажет болса, мамандандырылған сервистік

орталықтарына хабарласыңыз. Элементтердің тесілуі немесе мыжылуы ішкі қысқа тұйықталуға әкелуі мүмкін, содан кейін өрт пен жарылыс болуы ықтимал. Литийдің жоғары температурадан балқуы да жарылысқа әкелуі мүмкін. Герметизацияның бүлінуі кезінде элементтің ішіне су кіруі немесе атмосфералық ылғал конденсациялануы мүмкін, бұл сутегінің бөлінуі орын алатын реакцияға және тұтануға әкелуі мүмкін. Сіз батареяның ағымдағы күйін, мысалы, кез келген құрылғыда болатын батарея күйінің индикаторынан көре аласыз (сіз оның орналасқан жерін және сатып алу кезінде жұмыс принципін анықтай аласыз). Сақ болыңыз: зақымдалған батареялар зиянды заттектер бөлуі мүмкін. Егер батарея ауысымдық (алмалы-салмалы) болса, оның жұмыс қабілеттілігінде мәселелер анықталған кезде сервистік орталыққа жүгінген жөн (кепілдік талонындағы кепілдік мерзімін қараңыз).

Егер батарея алынбаса (АКБ құрылғының ажырамас бөлігі болса), кепілдік құрылғының кепілдігіндей әрекет етеді. Сондай-ақ, сервистік орталыққа жүгіну қажет.

Ақаулы батареяны жөндеуге неғұрлым тезірек берсеңіз, соғұрлым оны аз шығынмен қалпына келтіру ықтималдылығы зор болады. Назар аударыңыз: аккумулятордың жұмыс уақыты көптеген факторларға байланысты, нақты жұмыс уақыты көрсетілгенге сәйкес келмеуі мүмкін.

Аккумуляторда зарядтаудың шектеулі циклдер саны болуы мүмкін және біраз уақыт өткен соң, ауыстыруды қажет етуі мүмкін (аккумуляторға шектеулі кепілдік шарттарын кепілдік талонынан қараңыз) Аккумулятордың жұмыс істеу уақыты пайдалану режиміне және баптауларға байланысты.

Құрылғы схемасы



1. Керамикалық титан жүздер.
2. Қосу/сөндіру батырмасы.
3. Қию ұзындығын реттегіш (0,8-2мм).
4. Жарық индикаторы.
5. Зарядтауға арналған тұғыр.
6. Тарақ-саптамалар (3 мм, 6 мм, 9 мм, 12 мм).
7. Қуат адаптері.
8. Тазартуға арналған щетка.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: HC-0312YXG.
- Қуат көзі: аккумулятор Li-ion, 1x2000 мА·сағ.
- Автономды жұмыс істеу уақыты: 3 сағат.
- Зарядтау уақыты: 3 сағат.
- Кернеуі: 5 В, 1 А.
- Қиюдың минималды ұзындығы: 0,8 мм.
- Қиюдың ең жоғарғы ұзындығы: 12 мм.
- Тек құрғақ күйде қиюға арналған.
- Корпусының материалы: АБС-пластик, алюминий.

Аспапты зарядтау

Бірінші қолданар алдында құрылғыны толығымен зарядтау керек. Қайта зарядтамас бұрын аккумулятор толығымен разрядталуы керек: дұрыс зарядтау аккумулятор сыйымдылығының жоғалуын болдырмауға көмектеседі.

Қуат адаптерін зарядтауға арналған тұғырыққа, содан кейін қуат желісіне қосыңыз. Қызыл жарық индикаторы жанады. Аккумулятор зарядының деңгейі ақ жарық индикаторларын көрсетеді, олардың әрқайсысы батарея зарядының 20% құрайды. Құрылғының аккумуляторы шамамен 3 сағат ішінде толығымен зарядталады.

Ескертпе: құрылғы разрядталғанда, оны зарядтау кезінде пайдалануға болады. Толық заряд құрылғының 3 сағат бойы үздіксіз жұмысына жетеді.

Қию ұзындығын реттеу

Қажетті ұзындықты (0,8-2 мм) таңдау үшін қию ұзындығын реттегішті бұраңыз. Қию ұзындығы үшін саптама-тарақты таңдаңыз (3 мм, 6 мм, 9 мм, 12 мм).

Ескертпе: саптаманы орнатқан кезде құрылғы ажыратылуға тиіс.

Пайдалану бойынша нұсқаулық

Назар аударыңыз: қиюды бастар алдында шаштың құрғақ және таза екендігіне көз жеткізіңіз. Құрылғыны ылғалды шашқа пайдаланбаңыз. Қиюды тарақтың максималды ұзындығынан бастау және ұзындықты біртіндеп азайту ұсынылады.

1. Қиюды бастамас бұрын, шашты өсу бағытында мұқият тараңыз.
2. Сәйкес келетін тарақты орнатыңыз және тарақтың құрылғыға мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
3. Қиюды бастау үшін қосу/өшіру батырмасын басыңыз.
4. Тарағы бар құрылғыны бас терісіне апарыңыз және оны шаш өсуіне қарсы бағытта жүргізіңіз .

Құрылғыны бұғаттау

Бұғаттағышты қосу/сөндіру үшін қосу/сөндіру батырмасын басыңыз да, шамамен 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз. Құрылғыны зарядтаудың жарық индикаторларынан кейін жарық индикаторы жанады.

Тазалау және күтім

1. Аспапты сөндіріңіз және қуат көзінен ажыратыңыз.
2. Щеткамен саптамаларды және кескіш блокты шаштан тазалаңыз. Кескіш блокты 2-3 тамшы маймен майлаңыз және май біркелкі тарауы үшін құрылғыны қосыңыз.
3. Құрылғыны дымқыл жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.
4. Әрқашан құрылғыға қорғаныс қақпақшасын тағыңыз.

Жинақталым

- Шаш алуға арналған машинка
- Тарақ-саптама - 4 дана. (3 мм, 6 мм, 9 мм, 12 мм).
- Тазартуға арналған щетка.
- Майлағыш май.
- Қуат адаптері.
- Зарядтауға арналған тұғырық.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сатып өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы қаптамасында өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 15 °С бастап 35 °С дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 % аспайтын кезде сақталуы тиіс. Үй-жайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің бұлары) болмау тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны ұқыппен қолдануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін, оны әдеттегі тұрмыс қалдықтарымен бірге лақтыруға болмайды. Мұның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейінгі қайта өңдеу мен кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықтарды қабылдау орнына кәдеге жарату керек. Осы бұйымды кәдеге дұрыс жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісінше қолданбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін нұқсанның алдын аласыз. Осы бұйымды қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыс қоқысын шығаратын кәсіпорыннан ала аласыз.
- Құрылғы ақаулығын анықтаған кезде дереу авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Юйяо Сянтэн Электрикал Эпплайнс Ко., Лтд.

Вэйсы №8 тас жолының батыс бөлігі, Сымэнь, Юйяо, Нинбо қ, Чжэцзян пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Астана, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Республика Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 Ғ-т, Қазақстан Республикасы.

Адрес электронной почты / электронды пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Өнім сапасын жақсарту үшін техникалық сипаттамалар, өнім туралы ақпарат және оның сыртқы түрі пайдаланушыға ескертусіз өзгертілуі мүмкін.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген

V.5

КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойған күні: _____

Өндіруші құрылғының кепілдік мерзімінің ішінде үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың жоқтығына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге, пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен болмаған істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 24 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Жұмыс істеп тұрған сервис орталықтарының мекенжайы:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету тауарлардың жиынтығына кіретін төменде аталып өткен керек-жарақтарға қолданылмайды, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеумен байланысты болмаса:

- ҚБП (қашықтықтан басқару пульті) арналған қуат көзінің элементтері (батареялар).
- Қосқыш кәбілдер, антенналар және оларға арналған ұластырғылар, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтегі ақпарат тасығыштар, бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (қоса алғанда, бірақ БЖ-мен шектелмей, бұйымның қатты магниттік дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Тысқаптар, белдіктер, тасымалдауға арналған баусымдар, монтаждық жарақтар, саймандар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.

Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерін өзіне жүктемейді:

- Кепілдік мерзімі аяқталғанда.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін, сондай-ақ өзінің тікелей арналымына сай келмейтін өзге мақсаттарда қолданылған болса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы басшылығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, қосу (бұйымның өзіне де, онымен байланысты бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар) сақтау және тасымалдау ережелерін сақтамау салдарынан бұйымның иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де зиян жауапты болмайды.
- Барлық механикалық зақымданулар: өнімді пайдалану барысында алынған кетіктер, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысқан, жаншылған жерлер және т.б.
- Мұндай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті жоқ адамдардың бөгде түрлендірулері, рұқсатсыз жөндеу іздері бар. Егер ақаулық бұйымның құрылымының немесе сұлбасының өзгеруінен, Өндірушімен қарастырылмаған сыртқы құрылғылардың қосылуынан, Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалануынан туындаған болса.
- Егер бұйымның ақаулығы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи апаттар, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. Ақаулық бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкелетін, бұйымның ішіне бөгде заттардың, бөтен денелердің, заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың енуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температурадан туындаса.
- Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен туындаса; БЖ жеткізушісінің осы қызметті ұсынуының болмауына байланысты, бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жоюмен туындаған жағдайда.
- Егер жұмыстың ақаулары қуаттандырушы, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес келмеуінен, оның ішінде рельеф ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымды желінің әрекет ету шекарасында немесе желінің әрекет ету аймағынан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақымданулар бейнестандартты (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасыз (зақымданған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат көзінің элементтерін, әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM-карталарын, картридждерді) қоса алғанда) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер сәйкес келмейтін контентті алумен, орнатумен және пайдаланумен туындаса (әуендер, графика, бейнетүсірілімдер және басқа файлдар, Java қосымшалары және оған ұқсас бағдарламалар).
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген зақымға.

